

Қазақстан Республикасының Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму министрлігіҚазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің 2022 жылғы 9  
наурыздағы № 127 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2022  
жылғы 10 наурызда № 27068  
болып тіркелдіМинистерство индустрии и инфраструктурного  
развития Республики Казахстан

**«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және  
Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен  
тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін  
атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және  
Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға  
жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №  
460 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779  
болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді  
тасымалдау қағидаларында:

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қауіпті жүкті тасымалдау шартын жасасу тауар-көлік жүкқұжатын  
жасаумен расталады.

11. Тауар-көлік жүкқұжатының толтыруға арналған мәліметтер, оны жасау  
және қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму



министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген).»;

16-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) «Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкестігі;»;

мынадай мазмұндағы 17-1 және 17-2-тармақтармен толықтырылсын:

«17-1. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін көлік құралына көлік құралын дайындаушыда көзделмеген қосымша отын бақтарын орнатуға рұқсат берілмейді.

Жүргізуші кабинасында отын жылыту аспаптарын (оның ішінде газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін) қолдануға және оларды көлік құралының жүк бөлімшелерінде орналастыруға рұқсат берілмейді.

17-2. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралы жинақталады:

1) өлшемдері дөңгелектердің диаметріне сәйкес келетін әрбір көлік құралына (автопоездың звеносына) кемінде екі жылжуға қарсы тіректермен;

2) авариялық тоқтатудың екі белгісімен;

3) тасымалданатын қауіпті жүктерді бейтараптандыру құралдарымен;

4) көлік құралын авариялық жөндеуге арналған қол құралдарының жиынтығымен;

5) қызғылт сары түсті жыпылықтайтын немесе тұрақты оттары бар автономды қоректендірудің екі фонарымен;

6) күрекпен және өрт сөндіру үшін құм қорымен;

7) экипаждың әрбір мүшесі үшін ашық түсті киіммен;

8) экипаждың әрбір мүшесіне арналған қалта шамдарымен;

9) авариялық карточканың нұсқамаларына және тасымалдауға арналған шарттарға сәйкес-тасымалданатын қауіпті жүкті бейтараптандыру, экипаж мүшелері мен жүкке ілесіп жүретін персоналды жеке қорғау құралдарымен;

10) авариялық карточкада көрсетілген қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған арнайы құралдармен.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізуші сапар басталғанға дейін қауіпті жүкті тасымалдау жөніндегі рейс алдындағы нұсқаулықтан өтуі және өзімен бірге мынадай ілеспе құжаттары болуы қажет:

- 1) автокөлік құралына тіркеу құжаттары;
- 2) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелгенді қоспағанда, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тасымалдау маршруты көрсетілген, «Қауіпті жүк» белгісі бар жол парағы;
- 3) жүргізушіге арналған нұсқаулық;
- 4) нысан түрінде жүргізушіге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік;
- 5) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктер тізбесіне сәйкес 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының бланкісі;
- 6) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелгенді қоспағанда, тауар-көлік жүкқұжаты;
- 7) жүк жөнелтуші әзірлеген авариялық жағдайдағы іс-қимыл жоспары;
- 8) қозғалыс маршруты бойынша орналасқан тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, көлікті қауіпсіз пайдаланудың, жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары.».

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі**

**К. Ускенбаев**

«Келісілді»

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі**

«Келісілді»

**Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

«Келісілді»

**Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі**